



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.03.2021 № 285/0

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
білім саласындағы ұйымдардың
жарғыларына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына, «Коммуналдық меншікті басқару жөніндегі кейбір функцияларды беру туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 25 ақпандағы № 501-438 қаулысына сәйкес, «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ 2021 жылғы 1 наурыздағы № 357-қж хаты негізінде, «Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ туралы Ережесін басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің білім беру ұйымдарының жарғыларына осы бұйрыққа 1-35 қосымшаларға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.
2. Жоғарыда көрсетілген коммуналдық мемлекеттік мекемелердің (бұдан әр – мекеме) және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың (бұдан әрі – кәсіпорын) жарғыларына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
3. Мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары мекемелер мен кәсіпорындардың құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер туралы әділет органдарын хабардар етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары А.М. Амринаға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Е. Өтебаев

орын.: С. Абиева
тел.: 55 74 66

009540

Нұр-Сұлтан қаласы
 Активтер және мемлекеттік
 сатып алу басқармасының
 2021 жылғы «XX» с.з.
 № 285/0 бұйрығына
 12-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 31 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

18-тармақ мынадай мазмұндағы 11), 12) тармақшаларымен толықтырылсын:

«11) инклюзивтік оқытуды енгізу;

12) балаларды (5 жастан бастап) мектепте білім алуға дайындау үшін мектепалды дайындықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;»;

43-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылысын:

«Бірінші сыныпқа баратын балалардың ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) өтініштерді қабылдау ағымдағы жылғы 1 сәуірден бастап 1 тамыз аралығында жүргізіледі.»;

44-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылысын:

«44. Мекемеге қабылдау оқушылардың ата-аналарының (немесе өзге заңды өкілдерінің) білім туралы, денсаулық жағдайы туралы анықтама № 063/у нысан, «Бала денсаулығы паспорты» 026/у-3 нысан, белгіленген үлгідегі туу туралы куәлік немесе жеке басының куәлігі, 2 данада 3x4 см көлеміндегі фотосуреті бар құжаттарды қоса берген, жазбаша өтініші негізінде басшының бұйрығымен ресімделеді.»;

47, 48-тармақтары мынадай редакцияда жазылысын:

«47. Мекемедегі сыныптарда оқытындардың саны 25 оқушыдан аспауы тиіс. Гимназия сыныптарында бейін алды 8 сыныптан бастап – 25 оқушыдан артық болмауы тиіс.

48. Сыныптар мемлекеттік тілде оқытылатын сыныптарда орыс тілін оқыту, орыс тілді сыныптарда қазақ тілін оқыту, шет тілдері, информатика, дене шынықтыру сабақтарында сынып 24 адамға толған кезінде, сондай-ақ 1-4 сыныптарында цифрлық сауаттылық бойынша және өзін-өзі тану, бейіндік 10-11-сыныптарда бейіндік пәндерді оқыту кезінде екі топқа бөлінеді. Технология пәні бойынша 5-11-сыныптардағы оқушылар сыныптың толымдылығына қарамастан, ұл және қыз бала топтарына бөлінеді.»;

56-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылысын:

«б) Мекеменің мүлкіне және білім берудің техникалық құралдарына ұқыпты қарауға, егер мүлік бүлінген болса, ата-аналармен (заңды өкілдермен) бірге кішігірім жөндеу жұмыстарын жүргізуге немесе келтірілген залалды өтеуге;»;

56-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) әр оқу жылының соңында Мекемеден алынған оқулықтарды тиісті және әрі қарай қолдануға болатын күйде, ал бүлінген немесе жоғалған жағдайда ата-аналармен (заңды өкілдермен) бірге олардың құнын қалпына келтіруге немесе қайтаруға міндетті.»;

61-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) егер бала мекеме берген мектеп оқулығын (оқулықтарын) жоғалтқан жағдайда қалпына келтіру немесе сомасын төлеу міндетті.»;

85-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«85. Қамқоршылық кеңесі еріктілік, тең құқылық, жариялылық пен алқалық принциптерімен қызмет ететін Мекемені алқалы басқару орган болып табылады.»;

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«97. Мекеменің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының бұйрығымен енгізіледі.»;

13 тарау «Мекемені қайта құру және тарату шарттары» мынадай редакцияда жазылсын:

«99. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату әкімінің шешімі бойынша жүргізіледі.

100. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

101. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

102. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

103. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.».